

2025 жылғы 30 мамырдағы
№5 педагогтер кеңесі шешімімен
қабылданған



“Бекітемін”:

«Ақбота» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: Жеңе З.С.Куанышбекова
30 мамыр 2025жыл

**«Жамбыл обылысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің
«Ақбота» бөбекжай – бақшасы » мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары**

Мақсаты:

Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту; толыққанды демалуына, сондай-ақ физикалық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Балалардың денсаулығын сақтау, ауру мен жарақаттың алдын алу шараларын ұйымдастыру, санитариялық қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету, дәрумендендірілген тамақтану, қолайлы ауа-жылу режимі мен сумен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру.
2. Баланың денсаулығын нығайтуға, қозғалыс белсенділігі мен физикалық дамуына, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру.
3. Балалардың ойын арқылы өздерін еркін көрсетуіне, қарым-қатынас жасауына және әлеуметтенуіне мүмкіндік беретін дамытушы орта құру.
4. Балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қолдау, ойын, қарым-қатынас және қоршаған ортаны танып-білу барысында эмпатияны, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
5. Ата-аналарды педагогикалық және санитариялық-ағартушылық жұмысқа тарту, жазғы кезеңде балаларды тәрбиелеу мен сауықтырудың тиімді әдістерін меңгеруге жәрдемдесу.

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I кезең: Ұйымдастырушылық-ақпараттық		
Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау		
Педагогикалық кеңесте жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Меңгеруші З.С.Куанышбекова Әдіскер Г.К.Батынова
<p>Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (МДҰ бұйрығы):</p> <ul style="list-style-type: none"> ● жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; ● жазғы кезеңге күн тәртібін бекіту; ● жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы. 	Мамыр	Меңгеруші З.С.Куанышбекова Әдіскер Г.К.Батынова
<p>Қызметкерлерге нұсқау өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау шараларын ұйымдастыру; ● Жарақат алу жағдайларының алдын алу; ● Улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары; ● Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау; ● Күн өтуі мен ыстықтан шаршау жағдайында алғашқы медициналық көмекті көрсете білу; ● Асқазан-ішек аурулары мен тағамнан уланудың алдын алу шаралары; ● Балаларды еңбекке баулу кезінде (аула, гүлзар, бақшада) қауіпсіздік талаптарын сақтау; 	Мамыр, маусым	Меңгеруші З.С.Куанышбекова Әдіскер Г.К.Батынова Медицина қызметкері (Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жағдайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады)

<ul style="list-style-type: none"> ● Бұқаралық іс-шаралар кезінде қауіпсіздік ережелері мен шектеулерді сақтау; ● Спорттық ойындар мен жарыстар өткізу кезінде қауіпсіздік талаптарын орындау; ● Алғашқы көмек көрсету дағдыларын меңгеру. 		
<p>Балаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● түрлі жарақаттардың алдын алу жолдары туралы айту; ● табиғат аясында серуендеген кезде сақталуы тиіс ережелермен таныстыру; ● балабақша ауласында қауіпсіз жүріп-тұру тәртіптерін түсіндіру. 	Мамыр, маусым	Әдіскер Г.К.Батынова тәрбиешілер
<p>Жазғы кезеңдегі балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру: балалардың жаз мезгіліндегі демалысын тиімді өткізу үшін қажетті әдістемелік, дидактикалық, көркем және танымдық материалдар қоры жасалып, сол ресурстарға еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы көрме ұйымдастырылады.</p>	Мамыр	Әдіскер Г.К.Батынова
II кезең: Әкімшілік-басқару бақылауы		
<p>Әкімшілік-шаруашылық бағытындағы жұмыстар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алаңдарды дайындау: <ul style="list-style-type: none"> ● құм тасымалдау; ● жол қозғалысы ережелеріне байланысты қалашық пен белгілерді бейнелеу (жүгіру жолағы, спорт және қимыл-қозғалыс ойындарына арналған белгілер); ● ойын және демалыс алаңдарын дайындау; ● жазғы тенттерді тазалап, ретке келтіру. 	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі

<p>2. Спорт алаңдарын жабдықтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● дене шынықтыру, танымдық және тәжірибелік бағыттағы құралдарды толықтыру және жаңарту. <p>3. Бассейнді әзірлеу (бар болса):</p> <ul style="list-style-type: none"> ● қауіпсіздік талаптарын тексеріп, дайындығын қамтамасыз ету. 		
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін, мерекелік және бұқаралық ісшараларының ұйымдастырылуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер Г.К.Батынова
Күн тәртібінің, тамақтанудың орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер, медицина қызметкері
<p>Назарға алынған бақылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); ● күн тәртібін сақтау; ● жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; ● жаңа оқу жылына дайындық. 	Маусым - тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медбике М.Өтегенова
<ul style="list-style-type: none"> ● Жедел бақылау: балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша қауіпсіздік нұсқаулықтарының орындалуын бақылау; ● тамақтану сапасын, дәрумендермен қамтамасыз етілуін және тағамның құнарлылығын тексеру; ● күн тәртібінің сақталуын бақылау; ● жоспарланған іс-шаралардың уақытылы өткізілуін қамтамасыз ету; ● қажетті құжаттарды дұрыс жүргізу; ● алдын алу жұмыстарының талаптарға сай жүзеге асырылуын бақылау; ● қауіпсіздік ережелерінің сақталуына назар аудару. 	Маусым - тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медбике М.Өтегенова

III кезең: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру

<ul style="list-style-type: none"> ● Жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілетін іс-шараларға қатысу арқылы тәрбие процесін қадағалап, қажет болған жағдайда педагогтерге әдістемелік тұрғыда қолдау көрсету. ● Шынықтыру жұмыстарының дұрыс әрі тиімді ұйымдастырылуын бақылау, қажет жағдайда түсіндіру, нұсқау беру. ● Педагогтерге алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша білім беру және машықтандыру. ● Серуен кезіндегі спорттық ойындарды жоспарлау мен өткізудің тиімді әдістерін көрсету. ● Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында педагогтердің тәжірибесінде кездесетін қиындықтарды анықтап, оны шешу жолдарын ұсыну (кеңес, тренинг, семинар, әдістемелік көмек түрінде). ● Топтағы заттық-кеңістіктік ортаның балалардың жас ерекшелігі мен даму деңгейіне сәйкестігін тексеріп, оны үнемі жетілдіріп отыру. 	<p>Маусым - шілде</p>	<p>Әдіскер, медбике</p>
<ul style="list-style-type: none"> ● Семинар «Жаздағы шынықтыру жүйесінің жаңа тәсілдері». ● Семинар-тренинг «Мектеп жасындағы балалардың жас, денсаулық ерекшеліктеріне сәйкес қимыл-қозғалыс ойындарды таңдау». ● Семинар-практикум «Бөбек жасындағы балаларды жаз кезінде балабақшаға бейімдеудің ұтымдылығы». <p>Ескерту: тақырыптар мен жұмыс түрлері қажеттілігіне қарай өзгертіліп, толықтырылады.</p>	<p>Жазғы сауықтыру кезеңі бойы</p>	<p>Әдіскер, медбике</p>
<p>Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Ата –аналарға арналған консультациялық пункт» бөлімінде</p>	<p>Жаз бойы</p>	<p>Әдіскер, медбике</p>

<ul style="list-style-type: none"> ● Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру: <ul style="list-style-type: none"> - буклеттер; - жаднамалар; - нұсқаулықтар; - инфографикалық ақпараттық парақшалар; кітапшалар; - электрондық ақпарат көздеріне сілтеме. ● Санитарлық бюллетендер шығару: <ul style="list-style-type: none"> * «Ішек жұқпасын алдын алу»; * «Кенелердің зияндығынан сақтану»; * «Ауадағы ойындарды ұйымдастырудағы қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызы»; * «Жазғы маусымдағы табиғи дәрумендер». 		
Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру	Жаз бойы	Әдіскер
IV-кезең: Балалармен жұмыс		
<p>«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Балаларға қолайлы психологиялық әрі эмоционалды орта қалыптастыру. ● Өзін-өзі күтуге қатысты дағдыларын нығайтып, дербестігі мен өзіне деген сенімін арттыру. ● Денсаулығына мән беруге үйретіп, шынығу арқылы ағзасын шынықтыру дағдыларын қалыптастыру. ● Халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалана отырып, балалардың ертегіге, кітапқа деген қызығушылығын арттыру. ● Баланың өз ойы мен ұсыныстарын ескеру, пікір білдіруіне мүмкіндік беру. ● Баланың бірге ойнауы, еңбек етуі, тазалықты ұстануы, тәртіпке бағынып, ұжыммен әрекеттесе білуі, ойлау қабілеті мен 	Жаз бойы	Әдіскер, тәрбиешілер

<p>қабылдауын дамытуы, сурет салу сияқты дағдыларды ойын арқылы меңгеруін қамтамасыз ету.</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Тәрбиеші тек алдын ала жоспарлаған іс-шараларды орындап қана қоймай, сонымен қатар баланың жеке қызығушылықтарын ескеріп, оның белсенділігіне негізделген күн тәртібін ұйымдастыру. ● Баланың әлеуметтік және эмоционалдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау. 		
V кезең: Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары		
<p>Дағдыларды кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру</p>	<p>Жаз бойы</p>	<p>Тәрбиешілер</p>
<ul style="list-style-type: none"> ● таза ауадағы дене шынықтыру; ● таңертеңгі жаттығу; ● ұйқыдан ояту жаттығулары; ● сергіту сәттері. 	<p>Жаз бойы</p>	<p>Тәрбиешілер</p>
<p>Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу</p>	<p>Мамыр айының</p>	<p>Медициналық қызметкер</p>
<ul style="list-style-type: none"> ● Спорттық ойындар, жарыс сипатындағы ойындар. ● Қимыл белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. ● Спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар. ● Мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізу(мүмкіндігінше таза ауада). 	<p>Жоспар бойынша</p>	<p>МДҰ меңгерушісі, тәрбиешілер</p>
<p>Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● дозаланған күн ванналары; ● суға шомылу, сумен шайыну, аяқты шаю; ● массаж жолдарымен жаяу жүру, өзіне массаж жасау; 	<p>Күн сайын</p>	<p>Тәрбиешілер</p>

<ul style="list-style-type: none"> ● ауа ванналары; ● терезені ашып қойып ұйықтау; ● ауызды және тамақты шаю; ● ауыз-су ішу режимі; ● тыныс алу жаттығулары. 		
<p>Арнайы жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● түзету жаттығулары; ● майтабандылықтың алдын алу; ● дене сымбатының бұзылуының алдын алу; ● артикуляциялық жаттығулар; ● тыныс алу жаттығулары; ● ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. 	Күн сайын	тәрбиешілер
Балалармен әңгімелесу: «Ойнаймыз және денсаулықты сақтаймыз»	Күн сайын	Медициналық қызметкер
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Күн сайын	тәрбиешілер
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Күн сайын	Медицина қызметкері, бас-аспаз
Ата-аналармен жұмыс		
<ul style="list-style-type: none"> ● Ата-аналармен тығыз серіктестік қарым-қатынас орнату үшін «жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту» тақырыбында сауалнама ұйымдастыру. ● Ата-аналармен күн сайын пікірлесіп, өзара ақпаратпен алмасуды жолға қою. ● Жазғы уақытта баланың денсаулығын жақсарту жөніндегі мәліметтерге ата-аналардың оңай қол жеткізуін қамтамасыз ету 	Мамыр, маусым, шілде	Әдіскер, тәрбиешілер

<p>(ауызша түсіндіру, сілтеме арқылы электронды түрде тарату немесе ата-аналар бұрышында орналастыру).</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге ата-аналарды белсенді қатыстыру. 		
<p>Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау</p>		
<p>Жазғы сауықтыру шараларының соңында балалармен кері байланыс өткізу</p>	<p>Тамыз</p>	<p>Тәрбиешілер</p>
<p>Жазғы сауықтыру шараларының соңында ата-аналармен кері байланыс өткізу</p>	<p>Тамыз</p>	<p>Тәрбиешілер</p>
<p>Балалардың денсаулығына мониторинг жүргізу</p>	<p>Тамыз</p>	<p>Тәрбиешілер, медицина қызметкері</p>
<p>Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау</p>	<p>Тамыз</p>	<p>Меңгеруші, әдіскер</p>